ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2023 жылғы 30 қараша №7119-23-00-2/14034 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Алимбетов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Ұлттық нейрохирургия орталығы" акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
"DTK-SERVIS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Ұлттық нейрохирургия орталығы" акционерлік қоғамының "DTK-SERVIS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"DTK-SERVIS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"DTK-SERVIS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Алимбетов А. С., 09.01.2024